

## 1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

**Білім беру бағдарламасының мақсаты:** «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша еңбек нарығында сұранысқа ие, жоғары білікті педагогика ғылымдарының магистрін даярлау; кез-келген тілдік ортада коммуникацияға түсе алатын көптілді тұлға қалыптастыру.

### 1.1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

<b>Білім беру бағдарламасының түрі</b>	ағымдағы
<b>Білім беру бағдарламасының атауы</b>	7M01702-Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті
<b>Білім беру саласы</b>	7M01 Педагогикалық ғылымдар
<b>Даярлау бағыты</b>	7M017 Тілдер және әдебиет бойынша педагогтар даярлау
<b>Білім беру бағдарламасының тобы</b>	M017 Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау
<b>Білім беру қызметін жүргізуге берілген лицензия №, күні, айы, жылы</b>	№ KZ75LAA00018542 «4» тамыз 2020 ж.
<b>ҰБШ бойынша деңгейі</b>	Магистратура, деңгей 7
<b>Берілетін дәреже</b>	7M01702 «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі
<b>Білім беру бағдарламасын аккредиттеу</b>	АРТА, № АВ 2462, 24.05.2019 ж., аккредиттеу мерзімі 7 жыл, 24.05.2019 ж. - 23.05. 2026 ж.
<b>Білім беру бағдарламасының рейтингі</b>	<i>Атамекен:</i> <i>АРТА – 1 орын, 2018ж.</i>
<b>Жалпы академиялық кредит саны</b>	120
<b>Оқу мерзімі</b>	2 жыл

### 1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

#### **Бағдары:**

Инновациялық ғылыми-білім беру орталығы болу.

#### **Миссиясы:**

Үздік әлемдік тәжірибелер негізінде көшбасшы қыздарды даярлау арқылы адами капиталдың қалыптасуына үлес қосу.

#### **Бағдарламалық мақсаты:**

Инновациялық идеяларды жүзеге асырушы интеллектуалды көшбасшыларды даярлау

#### **Құндылықтары:**

Адалдық.

Кәсібилік.

Әлеуметтік жауапкершілік.

Академиялық еркіндік.

Жаһандық азаматтылық.

Ашықтық.

### Университет түлегінің атрибуттары:

- Терең кәсіби білім мен түсінікке ие.
- Эмоционалды және әлеуметтік интеллектке ие.
- Жаһандық мәселелерге бейімделген.
- Көшбасшылық қасиеттерге ие.
- Кәсіпкерлік дағдыларға ие, мәселелерді анықтап, шеше алады.
- Инновациялық ойлауды іске асыра алады.

## 1.2.БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

*Білім беру бағдарламасының өзектілігі.* Білім беру бағдарламасы педагогикалық білім беруде қазіргі мәдениетаралық коммуникацияның лингвистикалық әдіснамасын мен қолданбалы лингвистиканың теориясы және әдістемесінің заманауи бағыттарын меңгерген, күрделі мәселелерді шешуде креативті жолды көрсете алатын, еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің талаптарына жауап беретін педагогика ғылымдарының магистрін даярлауға бағытталған. Осы ретте қазақстандық және әлемдік үздік дәстүрлер мен озық білім жүйелерін қамтитын, халықаралық нарықта бәсекеге түсе алатын, белсенді азаматтық ұстанымы бар, жоғары білімді тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған білім беру бағдарламаларының бірі – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті».

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамасын жетілдіру және стандарттау; мемлекеттік тілді қолдану мәртебесін арттыру; қазақ тілінің лексикалық қорын жетілдіру және жүйелеу; қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын дамыту сынды басымдықтар айқындалған білім беру бағдарламасы бойынша маман дайындау аталған басымдықтарды іске асырудың тетігі болып табылады.

Қазіргі таңда елімізде тілдік реформа – қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру іске асып жатыр. Тілдік реформа кезең-кезең бойынша жүргізіледі. Ең алдымен, латын негізді жаңа қазақ әліпбиін барша халыққа оқыту жұмыстары жүргізіледі. Демек, қазақ тілі мен әдебиеті мамандарына сұраныс бұрынғыдан да арта түсетіні сөзсіз. Жоғарыда аталғандар 7М01702 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының өзектілігін айқындайды.

*Нарықтағы сұранысы.* БББ-н бітіруші білім беру, академиялық, қоғамдық, саяси, өндірістік және ғылыми-зерттеу ұйымдарында кәсіби қызметін атқара алады.

7М01702 – қазақ тілінде оқытпайтын мектептерге қазақ тілі мен әдебиеті БББ бітірген магистр-оқытушылар әр түрлі кәсіби салаларда (оның ішінде мәдениетаралық коммуникация, аударма, өндірістік-практикалық мақсаттарда орыс тілді және өзге тілді мәтіндерді өңдеу саласында), өндірістік-практикалық мақсаттарда кез келген тілдегі дыбысты сөйлеу мен жазбаша мәтіндерді лингвистикалық сараптау, аударма саларында қажет. Сонымен қатар, бітірушілер тәрбие, оқыту және оқу нәтижелерінің сапасын бағалау ұйымдарында, ақпараттық-іздеу және ұйымдастыру-басқару қызметтерінде сұранысқа ие.

Әдеттегідей, педагогикалық мамандықтарға деген жоғары сұраныс әйелдер арасында сақталуда.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде білім алушы магистранттар контингентінің 85%-ын Алматы қ. (9,8%), Алматы облысы (20%), Түркістан (43,5%), Қызылорда (6,9%), Жамбыл (4,9%) облыстарының қыздары құрайды.

Ресми статистиканың деректерінен көрініп тұрғандай, 1264 мектеп ББ түлектері үшін әлеуетті жұмыс беруші болып табылады (республикада орыс тілінде оқытатын мектептердің саны 1 237, басқа тілде оқытатын мектептердің саны - 27 (оның ішінде өзбек тілінде оқытатын мектептердің саны - 13, ұйғыр тілінде оқытатын мектептердің саны – 12, тәжік тілінде оқытатын мектептердің саны-2). (Талдау "Қазақстан Республикасы Білім беру жүйесінің

статистикасы" ұлттық жинағының статистикалық деректері негізінде жүргізілді (2018 жыл. "Ақпараттық-талдау орталығы"АҚ)).

Осылайша, жоғарыда аталған аймақтар мен Алматы қаласының талапкерлері үшін ҚазҰҚПУ логистика тұрғысынан тартымды болып қала береді, сонымен қатар ауыл жастары үшін тегін үш мезгіл тамақ және жеңілдікпен жатақханаларға орналастыру ұсынылады..

#### 1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академиялық ұтқырлық	Нийде Өмер Халисдемир университеті (Түркия, Нийде қ.)
Қосдипломды бағдарлама	Нийде Өмер Халисдемир университеті (Түркия, Нийде қ.)

#### Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі

М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетімен сәйкестігі – 10%  
Нийде Өмер Халисдемир университетімен сәйкестігі – 25 % ды құрайды.

#### 1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

Бағыт әлеуеті:

- білім беру (педагогикалық);
- оқу-тәрбие;
- оқу-технологиялық;
- әлеуметтік-педагогикалық;
- ғылыми-зерттеу;
- ұйымдастыру-басқарушылық.

Түлектің қызмет атқаратын орындары:

- мемлекеттік арнаулы орта мектептер;
- жеке меншік ұйымдар;
- жоғары және кәсіптік оқу орындары;
- оқу орталықтары;
- мәдени-білім беру салалары.

#### 1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

1. кәсіби құзыреттілік саласы:

- ғылыми еңбектерге сыни тұрғыда талдау жасайды.

2. кәсіби құзыреттілік саласы:

- функционалды сауаттылық қалыптастырады, алған білімді тәжірибе жүзінде және ғылыми-зерттеу жұмысында қолдана білу құзыреттілігі артады.

3. кәсіби құзыреттілік саласы:

- кәсіби іс-әрекет саласында жоғары жетістікке жетуге бағдарланады.

#### 1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

**ОН 1.** Қазіргі заманғы ғылым философиясының өзекті мәселелерінде бағдарлау және сөйлеу коммуникациясының кәсіби негіздерін іскерлік хат алмасумен жұмыс істеу дағдысын анықтайды.

**ОН 2.** Педагогика және психология ғылымын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін, оқыту әдістерін басқару және меңгеру үрдістерін, психологиялық-педагогикалық зерттеулердің мәні мен мазмұнын біледі.

**ОН 3.** Гуманитарлық ғылымдардың әдіснамалық және философиялық өзекті проблемалары туралы қалыптасқан ғылыми көзқарастар негізінде тіл-адам-мәдениет-этнос төрттігінің тұтастығын, функционалдық грамматиканың және коммуникативтік аспектісін анықтайды, тілдің коммуникативтік бірліктері ретінде дискурс, тілдесім актісі, тілдесім жанры, тілдік жағдаятты саралайды, қазақ әдеби тілінің функционалды стильдерін теориялық және практикалық тұрғыдан игереді.

**ОН 4.** Ғылыми зерттеулер үдерісін ұйымдастыруға, жоспарлауға және жүзеге асыруға қабілетті, зерттеу саласындағы әртүрлі теориялық тұжырымдамаларды талдауға, бағалауға және салыстыруға және қорытынды жасауға қабілетті, жаңа ғылыми идеяларды алуға және оларды өзінің кәсіби қызметінде пайдалануға қабілетті, оқулықтар мен оқу құралдарындағы теориялық зерттеулердің қолданбалы аспектілерін әзірлеуге қабілетті.

**ОН 5.** Әдебиет теориясы мен сынын, поэтикасын түсіндіреді, сын тұрғысынан талдайды; фольклор жанрларын және қазақ, түркі, шетел әдебиеті тарихындағы негізгі кезеңдерді, бағыттарды, мектептерді, оның өкілдерін ажырата алады; әдеби тұжырымдарды салыстырады.

**ОН 6.** Лингвистикалық зерттеуді, кәсіби мәтіндерді және лингвистикалық сараптаманы жүргізуге қатысты ақпаратты, идеяларды, қорытындыларды, проблемаларды және шешімдерді зерттелетін саладағы мамандарға да, мамандарға да анық және бір мәнді хабарлауға, мәтіндердің әртүрлі типтерін, оның ішінде көркем және жарнамалық және медиатекстерді өңдеуге (күруға, түзетуге, редакциялауға, түсініктеме беруге, түсіндіруге, рефераттауға және т. б.);

**ОН 7.** Жоғары білім беру парадигмасы контексіндегі филология және гуманитарлық ғылымдардың бағыттары мен жаңа концептуалдық идеяларын жоғары кәсібилілікпен ғылыми-зерттеу жұмысында қолданады, қоғамдық институт ретінде ғылымның рөлі мен орнын анықтайды; отандық және шетелдік ғылымның теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерін, ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін меңгереді. Әлемдік әдеби процестің, қазақ тілінің тарихын, тіл білімінің және әдебиеттанудың жаңа бағыттарының өзекті мәселелерін жан-жақты зерделеп, олардың ерекшеліктерін анықтай алады.

**ОН 8 –** Қазақ тіл білімі мен әдебиеттануда қалыптасқан жаңа салалардың теориялық негіздерін саралайды, қазіргі білім беру парадигмасындағы жаңа бағыттарда алған білімін кәсіби деңгейде дискурстық зерттеулер жүргізу барысында қолданады.

**ОН 9 –** Тіл заңдылықтары мен әдебиеттанудың өзекті мәселелерін интерпретациялайды, интербелсенді әдіс-тәсілдерді педагогикалық тәжірибеде пайдаланады.

**ОН 10 –** Кәсіби коммуникацияның түрлі саласындағы тіл тазалығын сақтауға, тіл мәдениетін игеруге, іскери міндеттерді шешуде, ғылыми полемикада сандық технологияларды тиімді пайдаланады.

**ОН 11 –** Көптілді коммуникациялық ортада кәсіби және академиялық тақырыптарда дискурсқа қатысып, жүргізе білу дағдыларын дамытуға үйренеді.

**ОН 12 –** Ғылыми және практикалық саладағы күрделі инновациялық идеяларды жүзеге асыруда көшбасшылық қасиеттерге ие болады.

### БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12
<b>ТА1</b>	+		+		+	+	+					
<b>ТА 2</b>		+				+	+	+	+			
<b>ТА 3</b>	+	+	+	+	+		+	+	+	+		+
<b>ТА 4</b>									+	+	+	+
<b>ТА 5</b>	+	+				+	+		+	+	+	+

ТА 6			+	+	+			+			+	
------	--	--	---	---	---	--	--	---	--	--	---	--

## 1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

**Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:**

- 1) «Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығымен бекітілген «Педагог» кәсіби стандарты;
- 2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы әлеуметтік серіктестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу салалық үшжақты комиссиясының 2016 жылғы 23 қарашадағы № 2 отырысының хаттамасымен бекітілген Білім беру саласындағы салалық біліктілік шеңбері

## 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

### 2.1. Модульдердің сипаттамасы

№	Модуль коды мен атауы	Кредиттер дінжалпы	№	Пән коды және атауы	Пәннің академиялық кредит	Цикл/компонент
1	ISE 501 Модуль 1 Ғылым мен білімнің интеграциясы	16	1	ISE501 Ғылым тарихы мен философиясы	4	БП ЖК
			2	ISE 502 Шетел тілі (кәсіби)	4	БП ЖК
			3	ISE 503 Жоғары мектеп педагогикасы	4	БП ЖК
			4	ISE 504 Басқару психологиясы	4	БП ЖК
2	LFL 501 Модуль 2 Тіл және оқыту әдістемесі	58	1	LFL 502/1 Әдебиеттанудың жаңа бағыттары	5	БП ТК
			2	LFL 502/2 Әдебиет тарихы дәуірлеуінің теориялық негіздері		БП ТК
			3	LFL 503/1 Қазақ тілін оқыту әдістемесі және инноватика	5	БП ТК
			4	LFL 504/2 Қазақ тілін оқытудың заманауи әдістері		БП ТК
			5	LFL 504/1 Ғылыми зерттеулердің методологиясы мен технологиясы	5	БП ТК
			6	LFL 504/2 Аударматанудағы зерттеу әдістері		БП ТК
3	KLC 501 Модуль 3 Гуманитарлық білім және мәдениетаралық коммуникация		1	ISE 505 Функционалды грамматика	5	БП ЖК
			2	L502/1 Мәтін линвистикасы	5	БП ТК
			3	L502/2 Мәтіннің аудармашылық талдауы (әдебиет)		БП ТК
			4	L503/1 Академиялық жазылым	5	БП ТК
			5	L503/2 Қазіргі пунктуация		БП ТК
			6	Lv502/1 Тіл біліміндегі жаңа бағыттар	5	БП ТК

			7	Lv502/2 Гендерлік лингвистика		БП ТК
4	NPT 604 Модуль 4 Заманауи филологиялы қ білім		1	PE601/1 Лингвомәдениеттаным	6	БП ТК
			2	PE601/2 Көркем әдебиеттегі мифологиялық дүниетаным		БП ТК
			3	Lv603/1 Ахметтану	5	БП ТК
			4	Lv603/2 Нейролингвистикалық бағдарламалық зерттеулер		БП ТК
			5	TMT601/1 Тілдік тұлға акмеологиясы	6	БП ТК
			6	TMT602/2 Жаңартылған білім беру мазмұны жүйесіндегі филологтың тұлғасы		БП ТК
			7	TMT603/1 Қазіргі қазақ әдебиетіндегі постмодернизм	6	БП ТК
			8	TMT603/2 Әдеби интеграция типологиясы		БП ТК
5	RW Модуль 5 Ғылыми-зерттеу жұмыстары	38	1	RW 601 Педагогикалық практика	4	БП ЖК
			2	RW 5 (6)02 Зерттеу практикасы	10	КП ЖК
			3	RW 5(6)03 Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми зерттеу жұмысы	24	МҒЗЖ
6	FE Модуль 6 Қорытынды аттестаттау	8	1	FE 601 Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау (МДРЖҚ)	8	ҚА
<b>БАРЛЫҒЫ:</b>		<b>120</b>			<b>120</b>	

## 2.1. ПӘНДЕР МЕН МОДУЛЬДЕР БОЙЫНША МӘЛІМЕТ

ISE 5011 Модуль 1 Ғылым мен білімнің интеграциясы <i>Модуль сипаттамасы: Модуль белгілі бір әлеуметтік мәртебедегі ғылыми білімнің жалпы заңдылықтарын зерттеуге бағытталған университет компонентінің негізгі және негізгі пәндер жиынтығымен ұсынылған; жоғары оқу орындарының педагогикасы, психологиялық менеджменттің категориялық жүйесі, басқару тәжірибесінің психологиялық негіздері; білім беру саласындағы дербес ғылыми педагогикалық зерттеу тәжірибесі. Студенттер кәсіби және ғылыми салаларда қолдану үшін тілдік коммуникативті құзыреттерді игереді.</i>							
№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	Ғылым тарихы мен философиясы	БП ЖК	4	Ғылым тарихы мен философиясы – магистратураның барлық білім беру бағдарламалары үшін жалпыға бірдей міндетті болып табылады және ғылым философиясының жалпы мәселелеріне кіріспе болып табылады. Ғылым кең әлеуметтік-мәдени контексте және тарихи дамуда қарастырылады. Қазіргі заманғы техногендік өркениет дағдарысының проблемаларына және әлемнің ғылыми бейнесін, ғылыми ұтымдылық түрлерін, ғалымдар бағдарланған құндылықтар жүйесін өзгертудің жаһандық тенденцияларына ерекше назар аударылады.	- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл аудиторияның); - пікірталастар; - ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.); - презентациялар	ОН 2	жазбаша
2	Шетел тілі (кәсіби)	БП ЖК	4	Шетел тілі (кәсіби) мақсаты – сөйлеу дағдыларын дамыту: пікірталас жүргізу, әртүрлі тақырыптар бойынша және әртүрлі жағдайларда өз пікірін білдіру. Грамматиканы үйрену оны ауызша сөйлеуде қолдануға бағытталған. Бағдарлама басқа тілдік дағдыларды игеруді және жетілдіруді қамтиды: тыңдау, оқу, жазу, сонымен қатар сөйлеу. Бұл курста оқу студенттерге ағылшын тілінің грамматикасы мен сөздік қоры туралы білім алуға, тілді меңгеру деңгейін арттыруға, сөйлеу, оқу және аударма дағдыларын жақсартуға, ағылшын тілін құлақпен қабылдауға, тілдік кедергіні жеңуге мүмкіндік береді. Қарапайым: қарапайым сөйлемдерді түсіну, жеке сөз тіркестерін құру, жазбаша және ауызша сөйлеуді түсіну қиын. Pre-intermediate деңгейі: бейімделген мәтіндерді оқу, шағын сөздік. Аралық деңгейі: кез-келген тақырыпта әңгімелер жүргізу, бірақ дұрыс сөздерді, сөз тіркестерін	- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл аудиторияның); - пікірталастар; - ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.); - презентациялар	ОН 2; ОН 3	жазбаша

				және сөйлеу мәнерін табу, пікір білдіру және сұхбаттасушыны жақсы түсіну, тез сөйлеу. Upper-intermediate деңгейі: сөйлеу жылдамдығына немесе сұхбаттасушының аймақтық екпініне қарамастан, қарапайым ағылшын тілін түсіну. Жетілдірілген деңгей: белгілі бір тілге тән фразеологиялық бірліктер мен идиомаларды білу, кез-келген қиындық деңгейіндегі мәтіндерді оқу және түсіну. Ағылшын тілінің жалпы курсы студенттерге осы тілді еркін меңгеруге мүмкіндік береді.			
3	Жоғары мектеп педагогикасы	БП ЖК	4	Жоғары мектептің педагогикасы – қазіргі әлемдегі жоғары білім. Жоғары мектеп педагогының кәсіби-педагогикалық мәдениеті. Педагогикалық қарым-қатынас. Жоғары мектептің педагогикалық процесс теориясы. Жоғары мектеп дидактикасы. Жоғары кәсіптік білімнің мазмұны. Оқу процесін басқару. Жоғары мектепті оқытудың әдістері мен формалары. Жоғары мектептің тәрбие теориясы. Жоғары мектептің ғылыми қызметінің теориясы. Педагогикалық технологиялар. ЖОО-ны басқару.	- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл аудиторияның); - пікірталастар; - ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.); - презентациялар	ОН 1; ОН 2; ОН 3	жазбаша
4	Басқару психологиясы	БП ЖК	4	<b>Басқару психологиясы</b> – басқарудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Басқарудың психологиялық теорияларының дамуы. Басқару психологиясының жалпы теориялық мәселелері. Басқарушылық іс-әрекетті талдау. Менеджердің тұлғалық ерекшеліктері. Басқару міндеттерінің психологиялық ерекшеліктері. Меншік психологиясы. Басқарушының кәсіби іс-әрекеті. Басқару субъектісінің қызметтері. Басқарушылық қарым-қатынас психологиясы. Қызметкерлердің психологиялық сипаттамалары. Қызметкерлерді ынталандыру психологиясы. Ұйымның адам ресурстарын басқару технологиясы. Ұйымның кадрлық саясатын психологиялық қолдау. Ұйымдағы дау-дамайлар психологиясы. Тұлғаның кәсіби деформациясының алдын алу технологиялары	- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл аудиторияның); - пікірталастар; - ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.); - презентациялар	ОН 1; ОН 2	жазбаша



LFL 501

**Модуль 2**

Тіл және оқыту әдістемесі

*Модуль сипаттамасы: Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесінің әдіснамалық-теориялық негіздерін, даму жолдарын; қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың ұстанымдарын, жаңартылған оқу бағдарламасын, заманауи сабақ үлгілерін, оқу мақсаттарын, оқу бағдарламасы бөлімдерін игереді.*

№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	Әдебиеттанудың жаңа бағыттары	БП ТК	5	Әлем әдебиеттануындағы теориялық ұстанымдар, олардың ұлттық әдебиеттанумен сабақтастығын түсіндіреді, талдайды. Қазіргі әдебиеттану ғылымының жаңа бағыттарынан хабардар болады, оларды әлемдік әдебиеттану ғылымындағы жаңа ізденістермен салыстырады, қазақ поэзиясы мен прозасындағы жанр жаңалықтары бойынша өз білімдерін жинақтап қорыта алады. Әдебиеттанудағы кейбір мәселелеріне қатысты бүгінгі ғылыми көзқарастарды, пайымдауларды айтып, түсіндіре алады.	<ul style="list-style-type: none"> <li>– жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары,</li> <li>– пікірталастар,</li> <li>– ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.),</li> <li>– кейс-стади,</li> <li>– презентациялар</li> </ul>	ОН4 ОН 5 ОН 8 ОН 12	<b>Жазбаша</b>
2	Әдебиет тарихы дәуірлеуінің теориялық негіздері			Әдебиет тарихының дәуірлеу кезеңін және әр кезең әдебиетінің ерекшеліктерін білу; әдеби бағыт, әдеби ағым т.б. тарихи кезең мен өзара байланысын зерттеу, зерделеу арқылы меңгерту; әдеби мұралардың идеялық мазмұнына қарай талдай алады, көркемдік заңдылықтарды ажырата біледі; әр кезең әдебиеті өкілдерінің шығармаларындағы ұқсастықты таба отырып, өзіндік ой-пікірін қорғайды.			
3	Қазақ тілін оқыту әдістемесі және инноватика	БП ТК	5	Қазақ тілін оқыту әдістемесінің әдіснамалық-теориялық негіздерін, даму жолдарын; қазақ тілін оқытудың ұстанымдарын, жаңартылған оқу бағдарламасы, оқу-әдістемелік кешен, заманауи сабақ үлгілерін, қазақ тілі бойынша оқу мақсаттарын, оқу бағдарламасы бөлімдерін қарастырады. Жоспар түрлерін (ҮОЖ, ҰМЖ, ҚМЖ), жазба жұмыстарды жүргізудің әдістемесін, оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануды, БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын жасау әдістемесін меңгертеді.	<ul style="list-style-type: none"> <li>– жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары,</li> <li>– пікірталастар,</li> <li>– ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.),</li> <li>– кейс-стади,</li> <li>– презентациялар</li> </ul>	ОН2, ОН7	Жазбаша
4	Қазақ тілін оқытудың заманауи әдістері			Курста проблемалы тәсіл арқылы қазақ тілін оқытудың кейбір ерекшеліктері қарастырылады. Магистранттардың шығармашылық ойлауын			

				проблемалық әдісті пайдалана отырып дамыту, сабақ мазмұнын құру, проблемалық міндет қою, білім алушының ойлау қабілетін дамыту, зияткерлік танымын арттыруға үйрету мақсат етіледі. Қазақ тілін оқытудың негізгі ұғымдары мен әдістері туралы теориялық білім алады.			
5	Ғылыми зерттеулердің методологиясы мен технологиясы	БП ТК	5	Лингвистикалық зерттеу жүргізу қабілеті қалыптасады. Оқу курсы өзіне тән анализ принциптері, теориялық негіздері, процедуралары мен тәсілдеріне негізделген лингвистикалық зерттеу әдіснамасын түсінудің негізін қалыптастырады. Пән интернет-ресурстардың, мультимедиялық құралдардың, ғылыми сайттардың, деректер қорының көмегімен зерттеу тәсілдерін интенсификациялауға бағытталған.	– жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары, – пікірталастар, – ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.), – кейс-стади, – презентациялар	ОН10 ОН11 ОН12	жазбаша
6	Аударматанудағы зерттеу әдістері			Аударманы зерттеудің лингвистикалық әдістерін сипаттай алады. Кәсіби аударма қызметінің теориялық базасы жетіледі..			
<p>KLC 501  <b>Модуль 3</b>  <b>Гуманитарлық білім және мәдениетаралық коммуникация</b>  <i>Модуль сипаттамасы: Модуль тіл ғылымы дамуының әр кезеңіндегі теориялар мен зерттеу әдістерінің даму логикасын меңгерту, зерттеу бағыттары мен олардың теориялық ілімдерін, ғылым әлеміне еніп жатқан жаңа бағыт жетістіктеріне тән құзыреттіліктерді меңгертеді.</i></p>							
1	Функционалды грамматика	БП ЖК	5	Тіл құрылымы бірліктерінің қазіргі заманғы функцияларын, әртүрлі тілдік деңгейлерге жататын құралдардың бірыңғай жүйесінде осы типтегі грамматиканы зерттеуді, грамматикалық бірліктердің өзара әрекеттесу заңдылықтарын, лексика мен контекстті жіктеуді, сөздің мағынасын жеткізуге қызмет ететін тілдік құралдардың жұмыс істеуін талдайды. Тіл функциясы проблемасының құрылымдық-жүйелік және коммуникативті аспектілерін біріктіру мүмкіндіктерін пайдаланады.	– жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары, – пікірталастар, – ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.), – кейс-стади, – презентациялар	ОН1 ОН6 ОН8	жазбаша
2	Мәтін лингвистикасы	БП ТК	5	Мәтін түрлерін ажырату, олардың түзілімі мен қатысымдық, прагматикалық мәнін сындарлы бағалай білуге көмектеседі. Мәтінтану іліміндегі зерттеу әдістері мен технологияларын жете түсініп, мәтін түзудің заңдылықтарын ашып көрсетеді. Өз зерттеулерінде	– жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары, – пікірталастар,	ОН 7; ОН 8; ОН 9	

				қолдану мәселелерін шешеді. Өз бетімен зерттеу міндеттерін қою және шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдануды, мәтін лингвистикасы туралы ғылыми көзқарастарды бағалап, сол арқылы өз пікірін тұжырымдай білуді меңгертеді.	– ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.), – кейс-стади, – презентациялар		
3	Мәтіннің аудармашылық талдауы (әдебиет)			Аударманың лингвистикалық теориясының негізгі қағидалары мен аударма үдерісінің заңдылықтарын меңгеру, кез келген жанрдағы медиатекартерді құру мен аударудағы әдіс-тәсілдерді таныстыру мақсат етіледі.		ОН1, ОН4, ОН5, ОН6	
4	Академиялық жазылым	БП ТК	5	Бұл пәнді оқу барысында академиялық жанрлардың (аннотациялар, рефераттар, аналитикалық шолу, сонымен қатар ғылыми оқиға туралы хабарламалар (конференциялар)) теориялық мәселелері қарастырылады. Пәнді меңгеруге мәтінді аналитикалық өңдеудің негізгі мақсаттарын түсіну, кәсіби тақырыптағы мәтіндерді талдау, мәтінді талдау әдістемесі мен анықтамалық, арнайы әдебиеттер мен компьютерлік желілердегі ақпаратты іздеудің түрлі әдістерін, ғылыми, ғылыми-техникалық және ғылыми-көпшілік мәтіндерге стильдік талдау және т.б. оқып үйрену кіреді.	– жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары, – пікірталастар, – ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.), – кейс-стади, – презентациялар	ОН 4; ОН 5; ОН 6; ОН 10	жазбаша
5	Қазіргі пунктуация			Тіл біліміндегі пунктуациялық ерекшеліктер мен сөйленімді коммуникативтік-мазмұндық ұйымдастырудағы пунктуацияның қызметін, тыныс белгілерінің функционалдық-прагматикалық сипатын біледі. Сөйлемнің соңғы позициясындағы ажыратушы белгілер мен көп тараған функционалдық белгілер, метаграфикалық белгілерді ажырата алады.		ОН 4; ОН 7; ОН 8	
6	Тіл біліміндегі жаңа бағыттар	БП ТК	5	Филолог мамандарға тіл ғылымы дамуының әр кезеңіндегі теориялар мен зерттеу әдістерінің даму логикасын меңгерту, зерттеу бағыттары мен олардың теориялық ілімдерін, ғылым әлеміне еніп жатқан жаңа бағыт жетістіктерін үйренуге бағыттау болып табылады. Тіл білімінің өзекті мәселелері туралы өз беттерінше ой қорытып, ізденуге жол ашады.	– жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары, – пікірталастар, – ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.), – кейс-стади, – презентациялар	ОН 6; ОН 7; ОН 8	жазбаша
7	Гендерлік лингвистика			Тіл білімінің соңғы 3-4 онжылдық ішінде даму үстіндегі бағыттардың гендерлік және жалпы әдіснамалық қырларын талдау мен бағалауға, тіл туралы ғылымның тұжырымдамалық деңгейінде көрініс берген тіл білімінің гендерлік негізін талдауға құрылған. Ол тіл арқылы қоршаған ортаны, ер мен әйел тілінің сипаттарын, қоғамдық		ОН 4; ОН 7	

				құбылыстар мен жаратылысты танып-білудің гендерлік негіздерін қарастырады			
<b>НРТ 604</b> <b>Модуль 4</b> <b>Заманауи филологиялық білім</b> <i>Модуль сипаттамасы: Мәтіндік талдау құбылыс, адресат пен адресант факторы арасында лингвокогнитивтік-ментальдық құрылым, коммуникативтік әрекет ретінде үйретіледі.</i>							
1	Лингвомәдениеттаным	БП ТК	5	Магистрант тілдік бірліктерді прагматикалық аспектіде қарастырудың ғылыми-әдістемелік тәсілдерін меңгереді. Тілдегі лингвистикалық парадигмада талқыланатын проблемалық ізденістерді жүйелей біледі. Дәстүрлі стилистикадан тыс функционалдық, прагматикалық стильде көріністерін меңгереді. Магистранттарды тіл арқылы халық мәдениетін танудың теориялық-методологиялық негіздерімен қаруландыру.	<ul style="list-style-type: none"> <li>– жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары,</li> <li>– пікірталастар,</li> <li>– ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.),</li> <li>– кейс-стади,</li> <li>– презентациялар</li> </ul>	ОН6 ОН11 ОН12	жазбаша
2	Көркем әдебиеттегі мифологиялық дүниетаным		Мифтік сананың кезеңдерін, әдеби архетип пен мифтердің архаикалық семантикасын, қазіргі қазақ прозасы, поэзиясы, драматургиясындағы мифтік сарындар мен фольклорлық дәстүрлердің берілу жолдарын анықтау. Көркем әдебиеттегі мифтік туындылардың жанрлық, көркемдік ерекшелігіне мифологема тұрғысынан талдау жасау.	ОН1, ОН3 ОН6			
3	Ахметтану	БП ТК	6	А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына жан-жақты ғылыми талдаулар жасайды. Ғылыми еңбектері мен оқулықтарын зерделеп, бай мұрасын зерттейді. Тіл мен әдебиет, педагогика, әдістеме салаларындағы А.Байтұрсынұлы салған ғылыми негіздерді одан әрі дамытып, қазіргі гуманитарлық білім парадигмалары тұрғысынан ғалымның рөлі мен орнын бағамдайды.	<ul style="list-style-type: none"> <li>– жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары,</li> <li>– пікірталастар,</li> <li>– ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.),</li> <li>– кейс-стади,</li> <li>– презентациялар</li> </ul>	ОН1 ОН3 ОН6	жазбаша
4	Нейролингвистикалық бағдарламалық зерттеулер		Тілдің фонациялық, аудициялық (қабылдау), церебрациялық (мида болатын процесс) сипаттарын қарастырады. Неврология мен тіл білімінің өзара байланысын, тіл және мидың құрылымы мен қызметтерінің ерекшеліктерін зерттейді. Нейролингвистикалық зерттеу әдістері мен НЛБ (нейролингвистикалық	ОН1 ОН4 ОН6			

				бағдарламалау) және нейрографика мәселелері қарастырылады.			
3	Тілдік тұлға акмеологиясы	БП ТК	6	Адамның дамуы барысындағы өзінің тұлға ретінде, маман ретінде қалыптасуының теориялық-әдіснамалық мәселелері, объективті және субъективті факторлары жөніндегі білімдерін тереңдету, сонымен қатар болашақ маман иелерін акмеология ғылымымен таныстыру, оны терең түсініп талдауға мүмкіншілік жасау және өзін-өзі дамыту мен шығармашылыққа қабілетті өмірі мен кәсіби әрекетін ұйымдастыра алу саласындағы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды мақсат етеді	– жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары, – пікірталастар, – ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.), – кейс-стади, – презентациялар	ОН 4; ОН 8; ОН 9; ОН 12	
4	Жаңартылған білім беру мазмұны жүйесіндегі филологтың тұлғасы			«Жаңартылған білім беру мазмұны жүйесіндегі филологтың тұлғасы» - жаңа ғылыми пән ретінде қоғамдық ғылымдардың жетістіктерімен байланыста болып, мұғалімнің кәсіби бағдары, тілдік тұлға, педагогикалық психология, дидактика, психолингвистика, философия, логика, физиология және мәдениеттану, әлеуметтік педагогика т.б. салаларының табыстарына сүйенеді. Жаңартылған білім беру мазмұны жүйесінде филологтың тұлғасы жөнінде жетік білуін алға қояды. Филологтардың тілдік, кәсібилік тұлғасының негізгі ерекшеліктері мен ұстанымдары қамтылады.			
5	Қазіргі қазақ әдебиетіндегі постмодернизм	БП ТК	6	Қазіргі қазақ прозасында постмодернизмнің көрініс беру ерекшелігін зерттеп, оның отандық әдебиетке ықпалын анықтай алады. Постмодернизмге тән көркемдік категориялар арқылы еліміздің ХХ-XXI ғасырлар тоғысындағы мәдениетінде елеулі орны бар авторлардың прозасына ғылыми-теориялық зерттеулер жасайды.	– жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары, – пікірталастар, – ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.), – кейс-стади, – презентациялар	ОН 4; ОН 7; ОН 8	
6	Әдеби интеграция типологиясы			XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басына дейінгі аралықтағы әлемдік әрі ұлттық әдебиеттегі негізгі көркемдік әдіс-тәсілдерді, олардың шығу тетігі мен көркемдік, мазмұндық, стильдік ерекшеліктерін талдау арқылы олардың қазіргі кезеңдегі әдебиеттегі өзектілігін сараптауды, жаһандану кезеңіндегі интеграциялық үрдісті ғылыми негіздеуді мақсат етеді.			
RW Модуль 5 Ғылыми-зерттеу жұмыстары Модуль сипаттамасы: Модуль тағылымдамадан өтуді және магистрлік диссертацияны (МҒЗЖ) орындауды қоса алғанда, магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысының, зерттеу тәжірибелерінің жиынтығымен ұсынылған. МҒЗЖ мақсаты – теориялық білімді жүйелеу, зерттеу тақырыбы бойынша есептер шығару және оларды дәйекті шешу дағдыларын дамыту. Зерттеу практикасының мақсаты отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық							

жетістіктерімен, ғылыми зерттеулердің, эксперименттік деректерді өңдеу мен түсіндірудің заманауи әдістерімен таныстыру болып табылады. "Академиялық жазу" және "ғылыми зерттеу әдістері" академиялық жазу дағдыларын қалыптастырады, ғылыми зерттеулер жүргізудің негізгі практикалық әдістері мен тәсілдерін үйретеді.

№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері	
1	Педагогикалық практика	КП ЖК	4	Магистранттарға кәсіптік білім беру жүйесінде педагогикалық практиканың алатын орны ерекше. ЖОО-ғы оқу-тәрбие үдерісінің негізгі бөлімі болып саналуымен қатар, болашақ мамандардың теориялық дайындығын оқу-тәрбие мекемелеріндегі практикалық қызметімен ұштастыру болып табылады және бекітілген оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес өткізіледі. Практика барысында бәсекеге қабілетті маман екендігін дәлелдеп жұмыс берушінің сұранысына ие болады.	Оқу-тәрбие процесі	ОН 4; ОН 8; ОН 9; ОН 12	Есеп беру	
2	Зерттеу практикасы	БП ЖК	3	Ғылыми зерттеу үрдісін ұйымдастыру, жоспарлау және іске асыра білуге, зерттеу аясында түрлі теориялық концепцияны талдауға, бағалау және салыстыруға қорытындылар жасауға қалыптастырады. Түрлі дереккөздерден алынған мәліметтерді талдау және өңдеу арқылы өзіндік ғылыми зерттеулер жүргізіп, сыни талдау дағдысы қалыптасып, түрлі ғылыми теориялар мен ойларды салыстыра білуге дағдыланады.	Тәжірибелік жұмыс	ОН 5; ОН 6; ОН 9; ОН 11	Есеп беру	
3	Зерттеу практикасы	БП ЖК	7	Отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, методологиялық, практикалық жетістіктерін, заманауи әдістер жиынтығын тексеру және диссертация жұмысы барысындағы эксперименттік деректерге түсінік беру және бекіту.	Тәжірибелік жұмыс	ОН 5; ОН 6; ОН 9; ОН 11	Есеп беру	
4	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми зерттеу жұмысы	МҒЗЖ	1	2	Магистрант диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша ақпарат көздерін зерттейді; модельдеу, мәліметтер жинау әдістері; заманауи бағдарламалық өнімдер; ғылыми-техникалық есептерді дайындау ережелері. Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша магистрант өзінің диссертациясының тақырыбын түпкілікті тұжырымдап, осы тақырыптың өзектілігі мен практикалық құндылығын дәлелдеп, оны зерттеу бағдарламасын жасап, ғылыми зерттеулерді өз бетінше жүзеге асыруы керек.	Тәжірибелік жұмыс	ОН 4; ОН 8; ОН 9; ОН 12	Есеп беру
	Ғылыми зерттеу әдістері		1		Ғылыми зерттеу әдістері – ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі ұғымдары, зерттеу жүргізудің ғылыми әдістері, әртүрлі зерттеулер жүргізу кезінде әдістер тобын таңдаудың негізділігі, пәндік зерттеулер	Тәжірибелік жұмыс	ОН 4; ОН 6; ОН 7; ОН 9	Есеп беру

					саласындағы зерттеудің жалпы ғылыми, формальды-логикалық, пәнаралық әдістері, ғылыми-зерттеу практикасының негізгі мәселелері қарастырылады. Пән пәндік зерттеулер саласында ғылыми-зерттеу әдістерін қолдану дағдыларын қалыптастырады.			
5	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми зерттеу жұмысы	МҒЗЖ	2	4	Магистрант диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша ақпарат көздерін зерттейді; модельдеу, мәліметтер жинау әдістері; заманауи бағдарламалық өнімдер; ғылыми-техникалық есептерді дайындау ережелері. Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша магистрант өзінің диссертациясының тақырыбын түпкілікті тұжырымдап, осы тақырыптың өзектілігі мен практикалық құндылығын дәлелдеп, оны зерттеу бағдарламасын жасап, ғылыми зерттеулерді өз бетінше жүзеге асыруы керек.	Тәжірибелік жұмыс	ОН 4; ОН 8; ОН 9; ОН 12	Есеп беру
	Академиялық жазылым		2					
6	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми зерттеу жұмысы	МҒЗЖ	3	7	Магистрант диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша ақпарат көздерін зерттейді; модельдеу, мәліметтер жинау әдістері; заманауи бағдарламалық өнімдер; ғылыми-техникалық есептерді дайындау ережелері. Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша магистрант өзінің диссертациясының тақырыбын түпкілікті тұжырымдап, осы тақырыптың өзектілігі мен практикалық құндылығын дәлелдеп, оны зерттеу бағдарламасын жасап, ғылыми зерттеулерді өз бетінше жүзеге асыруы керек.	Тәжірибелік жұмыс	ОН 4; ОН 8; ОН 9; ОН 12	Есеп беру
	Ғылыми зерттеу әдістері		4					
7	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистрант-	МҒЗЖ	11		Магистрант диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша ақпарат көздерін зерттейді; модельдеу, мәліметтер жинау әдістері; заманауи бағдарламалық өнімдер; ғылыми-техникалық есептерді дайындау	Тәжірибелік жұмыс	ОН 4; ОН 8; ОН 9;	Есеп беру

	тың ғылыми зерттеу жұмысы			ережелері. Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша магистрант өзінің диссертациясының тақырыбын түпкілікті тұжырымдап, осы тақырыптың өзектілігі мен практикалық құндылығын дәлелдеп, оны зерттеу бағдарламасын жасап, ғылыми зерттеулерді өз бетінше жүзеге асыруы керек.		ОН 12	
8	<p><b>FE Модуль - Қорытынды аттестаттау</b>  Модуль сипаттамасы: Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларының білім алушыларын қорытынды аттестаттау – магистрлік жұмысты жазу және қорғау нысанында жүргізіледі. Магистрлік диссертация – магистранттың тиісті ғылым саласының нақты мамандығының өзекті мәселелерінің бірін өз бетінше зерттеу нәтижелерін қорытындылауды білдіретін бітіру біліктілік ғылыми жұмысы. Магистрлік диссертациялар МАК-қа ұсынылғанға дейін бітіруші кафедраның плагиат бойынша алдын ала қорғауынан және тексеруінен өтуі керек.</p>						
	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау (МДРЖҚ)	ҚА	8	Магистрлік диссертацияны дайындау және қорғау	Диссертацияны аяқтау, рәсімдеу	-	Қорғау



### 3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ РЕСУРСТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ

#### 3.1 Кітапхана қоры және электрондық ресурстар

Білім беру бағдарламасы бойынша кадрларды даярлау сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі - білім алушылардың оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми, анықтамалық, көркем әдебиеттермен және мерзімді басылымдармен қамтамасыз етілуі болып табылады.

7M01702 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» БББ бойынша кітапхана қоры 2020 жылғы 1 мамырға 1089 262 дана, оның ішінде 945 677 - мемлекеттік тілде, 5 959 басылым электронды тасымалдағышта ұсынылған.

Университет кітапханасы білім алушылар мен профессорлық оқытушылық құрамның IPR books, Polpred, Alembook, Web of Science, Elsevier (Scopus) мәліметтер базасына қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

ҚР жоғары оқу орындарының электрондық білім беру және ғылыми ресурстарын біріктіретін республикалық ЖОО аралық электрондық кітапханаға (РЖООАЭК) қол жеткізілген.

Білім беру бағдарламасы бойынша магистранттардың келесі ғылыми журналдарға кіруі қамтамасыз етілген: XLinguae. European Scientific Language Journal, International Journal of Environmental and Science Education, European Journal Of Natural History. International journal of environmental & science education, Life Science Journal, Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований.

2010 жылдан бастап кітапхана ҚазҰлтҚызПУ магистранттарына дәстүрлі форматтағы диссертациялардың мазмұнымен танысуға мүмкіндік береді (150-ден астам атау), олардың жартысы бүгінгі күні PDF-форматқа ауыстырылды.

Сондай-ақ, магистранттар компьютерден электрондық кітапханаға қолжетімділікті қамтамасыз ететін «ҚазҰлтҚызПУ электронды кітапханасы» қызметін әлемнің кез келген нүктесінен 24/7 форматында пайдалана алады. (сайт мекенжайы: e-lib.kazmkpu.kz). Электронды кітапхана базасында магистранттарға ұсынылатын толықмәтінді қайнар көздердің 10000-ға жуық бірлігі, лицензияланған кітаптардың 1000-нан астам бірлігі, кітапхана қызметкерлері сканерлеген 6676 бірлік, ал 300-ге жуық кітап сирек қор көздеріне жатады.

#### 3.2 Кадрлық қамтамасыз ету

Білім беру бағдарламасын Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасы және Қазақ әдебиеті кафедрасы іске асырады. Білім беру бағдарламасына қызмет көрсететін ПОҚ-ның (базалық және бейіндеуші пәндер циклындағы пәндер) сандық және сапалық көрсеткіштері:

ПОҚ-ның жалпы саны – 32 адам, оның ішінде:

Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасы бойынша:

Ғылым докторы – 4

Ғылым кандидаты – 7

Философия докторы (PhD) – 4

Кафедраның ғылыми әлеуеті – 100%

Қазақ әдебиеті кафедрасы бойынша:

Ғылым докторы – 3

Ғылым кандидаты – 16

Философия докторы (PhD) – 2

Кафедраның ғылыми әлеуеті – 100%

Білім беру бағдарламасының профессор-оқытушылар құрамының сипаттамасы Кадрлық анықтамалығында берілген.

### 3.3 Материалдық-техникалық база

Университетте заманауи элеуметтік инфрақұрылым бар. Жалпы ауданы 23458,8 ш.м. және пайдалы ауданы 13215,6 ш. м. 3 оқу корпусы бар. Қазіргі уақытта университетте 5 интерактивті дәріс залы, 37 мамандандырылған мультимедиялық кабинет, оқу зертханалары мен лингафондық кабинеттер жұмыс істейді. ҚазҰҚызПУ меншігінде жалпы ауданы 23111,6 ш.м. 6 жатақхана, сондай-ақ ҒПҚ үшін бір Ғалымдар үйі бар. Университет аумағында медициналық орталық, «Жан Шуағы» психологиялық орталығы жұмыс істейді.

Университеттің Ғылыми кітапханасы аумағы 42952 м. жеке тұрған ғимаратта орналасқан, онда 5 беру пункті, 1 абонемент және 5 оқу залы бар.

#### **Практика базалары:**

№	Ұйымның (мекеменің) атауы	Келісімшарттың №, келісілген күні, айы, жылы
1	А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты	
2	№15 мектеп-лицей	

### 4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

№	Іс-шараның мазмұны	Іске асыру мерзімі	Жауаптылар
<b>Оқу-әдістемелік бағыт</b>			
1	Қосымша білім бағдарламаларын жетілдіру	Жыл сайын	Профессор-оқытушылар құрамы
2	НийдеӨмерХалисдемир университетімен БББ бойынша қос дипломдық білім беру бағдарламасын жасау.	Жыл сайын	Бағдарлама көшбасшысы
3	Білім беру бағдарламалары негізінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын күшейту: Қазақ тілін үйретудің жаңа технологиялары бойынша ғылыми жобалар ұйымдастыру. Білім беру бағдарламаларына ғылыми бағыттағы жаңа пәндер енгізу.	2023-2024	Білім беру бағдарламасын құрастырушы
<b>Ғылыми-зерттеу бағыты</b>			
4	ҚР Білім және ғылым министрлігінің жоспарлы, мақсатты гранттық қаржыландыру негізіндегі ғылыми жобаларға қатысуды жандандыру (ғылыми жоба жазу формаларын үйретуге байланысты іс-шараларға қатыстыру).	Жыл сайын	Профессор-оқытушылар құрамы
5	Scopus, Web of Science ғылыми дерек базаларына енетін импакт-факторлы журналдарда мақала жариялау.	Жыл сайын	Профессор-оқытушылар құрамы

6	Латын графикасына өтуге байланысты интерактивті үйретуші бағдарламалар жасаудың лингвистикалық негіздері мен мультимедиялық технологиялары	2023-2024	Профессор-оқытушылар құрамы
7	ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған республикалық ғылыми басылымдарда жарияланатын ғылыми жұмыстардың санын арттыру.	Жыл сайын	Профессор-оқытушылар құрамы Магистранттар
<b>Тәрбиебағыты</b>			
8	«Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Тәрбие және білім» ішкі бағдарламасын іске асыру шеңберінде іс-шараларға қатысқан білім алушылардың үлесін арттыру.	Жыл сайын	Магистранттар Топ эдвайзері
9	Алматы қаласының қоғамдық іс-шараларына магистранттардың қатысуы	Жыл сайын	Магистранттар Топ эдвайзері
<b>Біліктілікті арттыру</b>			
10	Ғылыми-зерттеу ұйымдарында және шетелдік ЖОО-ларда тағылымдама, біліктілікті арттыру және қайта даярлаудан өткен ОПК санын арттыру	Жыл сайын	Бағдарлама көшбасшысы
11	Ғылыми зерттеуге және білім беру үрдісіне шетелдік ЖОО-лардан тартылатын университет ОПК санын көбейту	Жыл сайын	Профессор-оқытушылар құрамы Магистранттар
12	Шетелдік ЖОО-да және ғылыми-зерттеу ұйымдарында тағылымдамадан өту, біліктілігін арттыру және қайта даярлау	Жыл сайын	Профессор-оқытушылар құрамы Магистранттар
13	«Эразмус» алмасу бағдарламасы аясында профессор-оқытушылар құрамын ғылыми тағылымдамаға жіберу	Жыл сайын	Профессор-оқытушылар құрамы Магистранттар
14	«Мевлана» академиялық алмасу бағдарламасы аясында кафедра профессор-оқытушылар құрамын тәжірибе алмасып, әлемдік озық үлгідегі білім жүйесіндегі инновациямен танысуға жіберу	Жыл сайын	Профессор-оқытушылар құрамы Магистранттар
15	Жаңартылған білім – білім мен біліктілікті жаңғыртатын жаңа бағдарлама» бойынша курстарға қатысу	Жыл сайын	Профессор-оқытушылар құрамы
16	Ағылшын тілінде сабақ беретін ОПК санын көбейту	Жыл сайын	Профессор-оқытушылар құрамы
<b>Кәсіптік бағдар беру жұмысы</b>			

17	Мектеп, ЖОО, зерттеу орталықтары басшыларымен және мұғалімдермен іскерлік кездесу	Жыл бойы	Профессор-оқытушылар құрамы
18	Бітірушілерді жұмысқа орналастыру бойынша келісімшарттар жасау	Жыл бойы	Жоғары оқу орнына дейінгі және мансап бөлімі, институт кафедралары